

# «Қамқоршылар – мейірімді жандар»



- ***Әлеуметтік педагог*** – білім беру мекемесінің студенттердің әлеуметтік және кәсіптік өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасайтын, оқытушылардың және ата-аналардың ізгілік, тұлғалық бағдарланған тәсілді ұйымдастырып отыратын қызметкер.
- ***Әлеуметтік педагогтың мақсаты*** – студенттерге психологиялық жайлылық және қауіпсіздік жағдай жасау болып табылады, әлеуметтік-құқықтық, психологиялық, педагогикалық тетіктерін қанағаттандыру және жағымсыз құбылыстарды отбасында, колледжде, басқа да айналасындағы социумда алдына алуболып табылады.
- ***Әлеуметтік педагогтың негізгі міндетері*** - білім беру мекемесінде студенттерге әлеуметтік құқықтарын қорғау, дамыту және кәсіптік оқытуға жағдай жасау, отбасымен және колледжің арасында әріптестік қарым-қатынас жасау.



## *Жетім студенттермен жұмыс*


- *Жетім студенттер мен ата-анасының (заңды өкілдерінің) қамқорлығынсыз қалған балалардың құқығы мен қызығушылығын қорғауды қамтамасыз ету.*
- *Жетім студенттердің қызығушылығын, бейімділігін, психикалық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып бірігіп тәрбиелеу.*
- *Қызығушылығын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.*
- *Өмірі мен денсаулығын, барлық моральдық және физикалық формадағы қысымдардан қорғау.*
- *Жетім студенттермен өткізетін жұмыстың мазмұны.*
- *Жаңадан түскен жетім, ата-анасының (заңды өкілдерінің) қамқорлығынсыз қалған студенттерге диагностика жасау.*
- *Студенттерге жасалған диагностиканың нәтижесіне қарай шара ұсыну.*
- *Кәмелеттік жасқа толмаған жетім студенттермен жеке жұмыс жүргізу.*
- *Балалардың құқығын қорғау Департаментімен байланыс жасау.*

# *Колледждің жетім студенттеріне әлеуметтік көмек көрсету шарттары*

- Ақылы топтарда оқитын жетім студенттердің оқу ақысына жеңілдік көрсету.
- Мемлекеттік негізінде оқитын жетім студенттерді тегін тамақпен және 1 курс студенттерін киіммен қамтамасыз ету.
- Күндізгі бөлімде оқитын жетім студенттерге әлеуметтік көмек ретінде оқу ақысына жеңілдіктер қарастыру.
  - 1) Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге -100%
  - 2) Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған,бірақ қамқоршысы бар студенттерге 30 % -50%
- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттердің оқу ақысына жеңілдік жасау үшін төмендегідей құжаттар тізбегі қажет:
  - 1) Студенттердің туу туралы куәлігі (нотариалды бекітілген көшірмесі)
  - 2) Ата-анасының қайтыс болғандығы туралы куәлік (нотариалды бекітілген көшірмесі)
  - 3) Қорғаншылық туралы куәлік(нотариалды бекітілген көшірмесі)
  - 4) Салық басқармасынан алынған кіріс табысы туралы анықтама.

# ***Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі:***

- **Студенттерге жеңілдік оқу жылына немесе оқуының соңына дейін беріледі.**
- **Жеңілдік алу үшін берілген өтініштер колледж директорының бұйрығымен және жетім студенттермен жұмыс комиссиясында қарастырылады.**
- **Комиссияның шешімі басым көпшілік дауысымен қабылданады және хаттама толтырылады. Хаттамада алған жеңілдіктің көлемі немесе жеңілдік алмау себебі көрсетілуі керек.**
- **Студенттер жеңілдік алу туралы өтініштерін Жамбыл медициналық колледжі директорының атына жазып, жоғарыда көрсетілген қажетті құжаттармен өткізіледі.**

- 
- **Әлеуметтік педагогтың жұмыс бағыттары**
    - **диагностикалық бағыт**
    - **әлеуметтік-педагогикалық оңалту бағыты**
    - **профилактикалық бағыт**

# *Жасөспірімнің психологиялық қауіпсіздігін не бұзады?*

- *баланың санасын жоспарлы түрде сәтсіздікке бағдарлайтын ата-ана, мұғалімдер тарапынан үзілмейтін сын;*
- *баланың достарынан, таныстарынан оқшаулануы;*
- *өте тым қатал ережелер немесе олардың мүлде жоқ болуы;*
- *баланың кемшіліктерін, осал жерін, сыртқы түрін мазаққа айналдыру;*
- *ауызша және ауызша емес бағытталған кемшілігі бар жолдаулар (әсіресе мынадай «сен бізге керек емессің»);*
- *баланы қоршаған ортаның алкогольге және алкогольдік ішімдіктерге деген төзімділігі;*
- *ата-ананың баласымен сөйлесуге уақытының жоқтығы.*

# *Не қорғайды және нығайтады?*

- *бала өзінің отбасында тәуелсіз екенін сезіну үшін ата-ананың баламен сындарлы қарым-қатынасы;*
- *баланың өзіндік сенімін қолдау және оның отбасында бағалымын деген сезімін қолдайтын жолдаулар-ауызша және ауызша емес;*
- *пәс көңіл-күйі үшін жазалаудың орнына жақсы көңіл күйді сыйлаумен ауыстыру («Скиннер жетоны»);*
- *егер ата-ананың әрекеті дұрыс болмаған жағдайда, баладан кешірім сұрай білу шеберлігі;*
- *жасөспірімнің сезіміне және әсеріне шындап көңіл бөлу;*
- *психологиялық әдістерді қолдану:*
- *балаға қосылып оны әсерлі тыңдай білу;*
- *балаға ілесе отырып уақытында баланың психологиялық жағдайының өзгерістерін «құндақтай» білу шеберлігі;*
- *баланы алып жүріп оған қысымшылықсыз пайдалы, игілікпен ықпал ету шеберлігі.*



# ***Жасөспіріммен қатынасты қалай жақсартуға болады?***

- *баланы дұрыс түсіне білуге үйрену және оны дұрыс түсінгендігіңіз туралы баланың санасына жеткізу;*
- *өзіңізді балаға деген жаман теріс сезімнен аулақ ұстаңыз, тіпті олай ойлауға да болмайды (олар шындыққа айналуы мүмкін, теріс күшпен әсер етуі, отбасында теріс көзқарас тудыруы мүмкін);*
- *баланы жаман жат қылықтардан арылту үшін, отбасылық салауатты өмір салтын қалыптастыру қажет;*
- *жасөспірімнің (әсіресе қыз баланың) тіпті «қауіпсіз секс» оның жасында қаншалықты қауіпті екеніне көз жеткізіңіз, сендіріңіз: ол жабығу, өзіне қол жұмсауға алып келеді;*
- *ата-ана түсіну керек: бала өзінің қауіпсіздік сезімін және бейғам балалық сезімін сақтап қалу үшін, жасөспірім шағында өз дамуының алғашқы сатысын өте күрделі түрде қайталайды;*
- *жасөспіріммен серіктестік қатынасын орнату, оған отбасы шешімдерін қабылдауға қатысумүмкіндігін беру, әсіресе өзіне қатысты шешімдер;*

## *Баланы топтың және «алаяқ досының» қысымынан қалай қорғануына болатынын үйрету*

- *баланы жеке және топтық қысым әдістерін танып айыра білуге үйрету, мақсатымен таныстыру;*
- *бала өзі таңдап талғауға және басқа біреудің шешімін қабылдамауға құқығы бар екеніне сендіру;*
- *егер бала бір хабар айтқысы келсе, оны кейінге қалдырмай және бұл хабарды маңызды деп қабылдау, елемей қоюға болмайды.*


# *Баланы «артық адам» деген*

## *жасқаншақтықтан қалай арылтуға болады?*

- *бала өзінің ата-ана, аға-қарындастарына аса құнды екенін сезіну үшін, отбасында психологиялық жайлылық атмосферасы орнау керек;*
- *баланың әрбір жетістігін кішігірім отбасылық мерекеге айландырып атап өту керек;*
- *баланы өз қалауы бойынша көркем қолөнер кәсібіне, сазды әуенге, сурет салуға немесе қандай да бір қарусыз қорғанудың түріне үйрету (қазақша күрес, немесе шығыс жекпе-жегі);*
- *баланы отбасындағы өзара қызмет көрсету жүйесіне қосу, оған қолынан келетіндей күш жұмсату;*
- *егер бала біреуге залалын тигізсе, оның орнын толтыру үшін балаға жаза қолдану;*
- *баланы әртүрлі шығармашылық әрекеттерге тартып қатыстыру: әдеби үйірме, театр студиясы, экологиялық туризм;*
- *жасөспірімнің идеологиялық кейіпкерді үлгі тұтуына абайлап қарау, баламен дәлелді пікірталас жүргізгенде оған сыймен қарап, оның идеологиялық сеніміне құқығы бар екенін мойындау керек;*
- *өз басыңыздың тәлім тәрбие негізінде, баланың жаман жат қылықтардан босану пайдасына сендіру: шіімді ішпеу, шылым шекпеу, жаман сөз айтпау, боқтау сөздерді қолданбау;*
- *бірқалыпты негізде психологтың көмегін қолдану және оның айтқандарын өзінің тәрбие жүйесінде орындау.*

# *Өзіне-өзі қол жұмсау әрекетінің алдын алу*

- *баланы жалғыздық сезімінен және шеттенуден сақтаңыз;*
- *баланың істеген ісінің, айналысатын шаруасының барлық жағынан мінсіз болуын талап етпеңіз, ол баланы есеңгіруге, жүйкесін зорлауға әкеліп соғады;*
- *екі күнде бір жасөспіріммен оның көңілін аулай отырып, оның қызығушылығы жайлы әңгімелесіңіз;*
- *оны қызықтыратын жайттарға ортақтасу, үнемі онымен бірге еңбек ету, бос уақытты бірге өткізу;*
- *психологтардың балаға қажетті энергетика қорын беру үшін оны 12 жасқа дейін жиі аймалап, күніне 11 рет сүю қажет деген бақылауын қарулыққа алу;*
- *баланың жіберген кемшіліктерін жеңіліс деп емес- осал жерлерін көрсететін тәжірибе деп үйрету;*
- *балаға терең қайғы және қорқыныш, үрей әкелетін жағымсыздықтың бірден-бір сезімін және тұйықтық сезімін жою;*
- *баланы өз жекеменшігіңіз деп санамау және оның жеке басына қол сұқпау;- баланы өзінен басқа біреуге қамқорлық жасауға үйрету, мысалы, үй жануарларына: бұл әрекет баланың жауапкершілігін арттырады және жалғыздық сезімін жояды.*



*Ел болам десең,  
бесігіңді түзе.*

*Бақытты болам десең,  
үйіңнің тыныштығын  
көзіңнің  
қарашығындай сақта.*



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!**

